

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2000 жылғы 29 қаңтар N 139 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.18. N 1219 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын әзірлеудің және жүзеге асырудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., N 50, 476-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2000 жылғы
29 қаңтардағы
N 139 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1998 жылғы
31 желтоқсандағы
N 1389 қаулысына
қосымша

**Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын
қалыптастыру жөніндегі комиссияның құрамы**

Өтембаев Ержан - Қазақстан Республикасы Премьер-
Әбілхайырұлы Министрінің орынбасары, төраға
Күлекеев Жақсыбек - Қазақстан Республикасының
Әбдірахметұлы Экономика министрі

Школьник Владимир - Қазақстан Республикасының
Сергеевич Энергетика, индустрия және сауда

министрі

Есенбаев Мәжит - Қазақстан Республикасының
Төлеубекұлы Қаржы министрі

Бүркітбаев Серік - Қазақстан Республикасының Көлік
Мінәуарұлы және коммуникациялар министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК